

6D080600 – «Аграрлық техника және технология» мамандығының білім беру бағдарламасының спецификасы

6D080600 – «Аграрлық техника және технология» мамандығының білім беру бағдарламасы тұрады:

- базалық және кәсіптік пәндер циклін 36 кредит көлемінде оқуды қамтитын теориялық оқудан;
- тәжірибелік оқудан – 6 кредит көлеміндегі зерттеу және педагогикалық тәжірибеден;
- 28 кредит көлеміндегі докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысынан;
- аралық және қорытынды аттестациядан.

Білім беру бағдарламасы пәндерді оқудың модульдік жүйесін ескере отырып жасалған және кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыратын 8 модульден тұрады.

Қазіргі кезде әлемдік қауымдастық Қазақстанды нарықтық экономикалы мемлекет ретінде мойындады. Тәуелсіздік алған қысқа тарихи мерзім ішінде Қазақстан ауыл шаруашылығындағы өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің, сақтаудың, тасымалдаудың және өңдеудің жаңа прогрессивті технологияларын қолдана отырып, әлемдік өркениетке қосылып экономикада үлкен серпініс жасады. Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының перспективалары анықталды.

Осы контексте 6D080600 – «Аграрлық техника және технология» мамандығының білім беру бағдарламасының рөлі мен мәні артады. Білім беру бағдарламасының спецификасы түлектердің білімділік деңгейіне келесідей талаптарды анықтайды:

- жалпы білімділікке қойылатын талаптар;
- әлеуметтік-этикалық құзіреттілікке қойылатын талаптар;
- экономикалық және ұйымдастырушылық-басқарушылық құзіреттілікке қойылатын талаптар;
- арнайы құзіреттіліктерге қойылатын талаптар;
- өспелі динамизм, өзгерістер және белгісіздіктер жағдайында әлеуметтік, экономикалық, кәсіби рөлдердің ауысуына, географиялық және әлеуметтік икемділікті ауыстыруға дайын болуына қойылатын талаптар;
- оқу пәндерінің негізгі циклдері бойынша білімділікке қойылатын талаптар.

1. Жалпы білімділікке қойылатын талаптар:

- инженерлік білім беру стратегиясын, жаратылыстану ғылымдарының заманауи даму бағыттарын түсіну құзіреттілігі;
- гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық және жаратылыстану ғылымдары саласындағы негізгі ережелерді білу;
- ойлау мәдениетін меңгеру, жазбаша және ауызша сөйлей білу (шет тілдерде) өз ойларын дұрыс жеткізу;
- жаһандық және аймақтық үрдістерді және мәселелерді талдай және бағалай білу;
- өндірістік-технологиялық, әлеуметтік, ұйымдастырушылық-

басқарушылық мәселелерді бағалау және шешу барысында іргелес жаратылыстану пәндердің әдістерін білу және оларды қолдану;

- үлкен жобалармен және топпен жұмыс жасай алу.

2. Әлеуметтік-этикалық құзіреттілікке қойылатын талаптар.

6D080600 – «Аграрлық техника және технология» мамандығыбойынша философия докторы (PhD) міндетті:

- оқу және әлеуметтік қатынас тәсілдерін меңгеруге;

- еліміздің ұлттық қауіпсіздігінің құраушысы ретінде ҚР азық-түлік қауіпсіздігін түсінуге;

- инженерлік тәжірибелік зерттеулерді орындау дағдыларын меңгеруге;

- қазіргі замандық ақпаратты өңдеу және қабылдау құралдарын меңгеруге;

- ауыл шаруашылығы техникасын пайдалануды жақсарту бойынша ұсыныстарды түзуге дағдыларын меңгеруге;

- мемлекеттік тілді еркін игеруге, ұлтаралық қатынас тілін, сондай-ақ шет тілінің бірін қолдана алуға.

3. Экономикалық және ұйымдастырушылық-басқарушылық құзіреттілігіне қойылатын талаптар.

6D080600 – «Аграрлық техника және технология» мамандығыбойынша философия докторы (PhD) міндетті:

- қажетті экономикалық шығындарды ескере отырып, ауыл шаруашылығы және өңдеу кәсіпорындары мен сервис орталықтарының жұмысын жоспарлауды және ұйымдастыруды;

- агроқұрылымдардың қызметінің тиімділігін бағалау мақсатында материалдарды жиюды және талдаудымеңгеруге;

- машина-трактор агрегатының (МТА) жұмыс сапасын, энергия шығынын, ауыл шаруашылығы жұмыстарын белгіленген мерзімде орындауды нормалауда өндірістік ұсыныстарды түзуді;

- машина агрегаттарын рационалды пайдалану бойынша ғылыми тәжірибелерді жүргізуді, жаңа әдістер мен технологияларды өндіріске енгізе білуге және ұйымдастыра білуге;

- бухгалтерлік есепті және салық салуды жүргізе алады;

4. Арнайы құзіреттіліктерге қойылатын талаптар.

6D080600 – «Аграрлық техника және технология» мамандығыбойынша философия докторы (PhD) міндетті:

түсінігі болу:

- ғылымның эволюциясындағы парадигмалардың дамуының және ауысуының негізгі сатылары туралы;

- жаратылыстану (әлеуметтік, гуманитарлық, экономикалық) ғылымдардың пәндік, дүниетанымдық және әдіснамалық спецификасы туралы;

- білімнің сәйкес саласындағы ғылыми мектептер туралы, олардың теориялық және тәжірибелік зерттемелері туралы;

- сәйкес саладағы әлемдік және Қазақстандық ғылымның ғылыми концепциялары туралы;

- ғылыми зерттеулерді тәжірибелік қызметке енгізу механизмі туралы;
- ғылыми бірлестіктегі өзара әсер нормалары туралы;
- зерттеуші-ғалымның педагогикалық және ғылыми этикасы туралы.
- алдыңғы қатардағы ғылыми әдістер және техникалық құралдардың мүмкіндіктері және аграрлық техниканы пайдалану мәселелерін жедел шешуге қажетті дәрежеде оларды пайдалану туралы;
- аграрлық техника және технология саласында жаңа ашылулардың даму бағыты және тенденциялары және оларды пайдалану перспективалары туралы;
- аграрлық техника және технология саласында жүйелерді математикалық және физикалық модельдеу туралы;

білу және түсіну:

- жаһандану және интернационалдану шарттарында Отандық ғылымның дамуының заманауи тенденцияларын, бағыттарын және заңдылықтарын;
- ғылыми танымның әдіснамасын;
- сәйкес саладағы әлемдік және Қазақстандық ғылымның жетістіктерін;
- ғылымның және білімнің әлеуметтік жауапкершілігін;
- ғылыми коммуникацияны және халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру үшін шет тілін жете меңгеру;

жасай алу:

- ғылыми зерттеулердің үрдісін ұйымдастыру, жоспарлау және жүзеге асыру;
- зерттеу саласында әр-түрлі теориялық концепцияларды талдау, бағалау және салыстыру және тұжырымдар жасау;
- әр-түрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді талдау және өңдеу;
- заманауи теориялардың және талдау әдістерінің негізінде академиялық біртұтастықты сипаттайтын ғылыми зерттеулерді өз бетімен жүргізу;
- өзінің жаңа ғылыми идеяларын қалыптастыру, ғылыми танымның шекарасын кеңейте отырып өзінің білімі мен идеяларын ғылыми қоғамға жеткізу;
- заманауи зерттеу әдіснамасын таңдау және тиімді пайдалану;
- өзінің кәсіби дамуын әрі қарай жоспарлау және жорамалдау.
- аграрлық техника және технологияның жаңа жетістіктерінде бағдарлана

білу;

дағдылы болу:

- әр-түрлі ғылыми теорияларды және идеяларды критикалық талдауда, бағалауда және салыстыруда;
- аналитикалық және тәжірибелік ғылыми қызметте;
- зерттеу нәтижелерін жоспарлауда және жорамалдауда;
- халықаралық ғылыми форумдарда, конференцияларда және семинарларда көпшілік алдында сөз сөйлеуге және ораторлық өнерге;
- ғылыми жазбада және ғылыми коммуникацияда;
- ғылыми зерттеулердің үрдістерін жоспарлауда, үйлестіруде және жүзеге асыруда;
- таңдалған ғылыми әдістердің сапалылығын және нәтижелілігін зерттеу

және көрсету саласын жүйелік түсінуде;

- ғылыми іс-шараларға, Отандық және халықаралық фундаменталды ғылыми жобаларға қатысуда;

- көшбасшылық басқарушылықта және ұжымды басқаруда;

- ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметке жауапты және шығармашылық көзқараспен қарау;

- заманауи ақпараттық және инновациялық технологияларды пайдалана отырып патенттік ізденіс жүргізуде және ғылыми ақпаратты беру тәжірибесінде;

- ғылыми ашулар мен жобалардың интеллектуалды меншік құқықтарын қорғау;

- шет тілінде еркін сөйлесуде.

құзыретті болу:

- ақпараттық ағындардың жылдам жаңару және өсу жағдайларындағы ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызмет саласында;

- теориялық және тәжірибелік ғылыми зерттеулерді жүргізуде;

- ғылыми зерттеуде теориялық және қолданбалы есептерді қою және шешуде;

- сәйкес саладағы кәсіби және жан-жақты талдау жасауда;

- тұлға аралық қатынас және адам қорларын басқару сұрақтарында;

- мамандарды жоғарғы оқу орындарында дайындау сұрақтарында;

- ғылыми жобаларды және зерттеулерді сараптауда;

- үнемі кәсіби өсуді қамтамасыз етуде.

5. Өспелі динамизм, өзгерістер және белгісіздіктер жағдайында әлеуметтік, экономикалық, кәсіби рөлдердің ауысуына, географиялық және әлеуметтік икемділікті ауыстыруға дайын болуына қойылатын талаптар.

6D080600 – «Аграрлық техника және технология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) нақты өндіріс жағдайына, қызмет иерархиясы бойынша жылжуға, басқа жерге қызмет ауыстыруына шартталған маманның әлеуметтік, экономикалық, кәсіптік рөлінің өзгеру шарттарына дайын болуы тиіс.

6. Оқу пәндерінің негізгі циклдері бойынша білімділікке қойылатын талаптар.

6D080600 – «Аграрлық техника және технология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) кәсіби қызметін атқаруға қажетті көлемде оқу пәндерінің негізгі циклы бойынша практикалық дағдыға, білімге ие болуы тиіс.

«Аграрлық техника және технология»
кафедрасының меңгерушісі



Е.Ж. Каспаков